



030900, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қаракемер ауылы, Ынтымақтастық көш 1, тел: 73-2-00
030900, Актюбинская область, Уилский район, село Каракемер, ул. Ынтымақтастық 1, тел: 73-2-00
e-mail: karakemer.mbb@mail.ru

Бұйрық №3682 н/к

31 тамыз 2022 жыл
Қаракемер ауылы

2022-2023 оқу жылының

сабақ кестесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 05 тамыздағы № ҚР ДСМ№ 76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» негізінде және оқулықтардың салмағын есептеуге арнайы құрылған жұмысшы топ отырысының (хаттама №1. 25.08.2022ж) шешіміне сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Аталған санитариялық қағиданың 5 тарау 71-76 тармақшаларына сәйкес 2022-2023 оқу жылындағы 1-9 сыныптардың оқу портфелінің немесе аспалы сөмкенің (рюкзактың) салмағынсыз күн сайынғы оқу жиынының (оқулықтар, ОӘК және жазу құралдары) гигиеналық нормативтерін ескере отырып құрылған сабақ кестесі бекітілсін. (қосымша-1) Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескеру және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесін пайдалану қажет.
2. Оқу жоспарындағы вариативтік компоненттердегі элективтік курстар күнделікті сабақ кестесіндегі жүктемелердің нормадан аспауына байланысты апталық сабақ кестесіне енгізілсін.
3. Сабақтан тыс ұйымдастырылатын спорттық секциялар мен қосымша үйірмелерді өткізу кестесі бекітілсін. (қосымша-2)
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Ұ.Б.Қарабатыроваға және Г.Қ.Досқалиеваға жүктелсін.

Мектеп – балабақша директоры:



Б.М.Ескалиева
Б.М.Ескалиева

Таныстым:

Ұ.Б.Қарабатырова
ОЖО-Қарабатырова Ұ.Б.

Г.Қ.Досқалиева
ТЖО-Досқалиева Г.Қ.